Использовать матрицу Эйзенхауэра можно не только для того, чтобы определить, решение каких именно задач приближает вас к намеченному результату, а каких – создает препятствия на пути к цели. Можно использовать этот метод и для оценки того, насколько вы эффективны в целом. Так, если все ваши задачи оказываются помещенными во второй квадрант, можно говорить о том, что вы достигли максимума эффективности. Оптимизировать применение метода матрицы Эйзенхауэра можно с помощью приложений, которые уже существуют в различных вариантах: мобильных, веб- и десктоп-версиях. А для того, чтобы не совершать ошибок в постановке целей и определить рациональные пути их достижения, воспользуйтесь сервисом **SmartProgress**.

Перейдём от теории к практике на примере собственного опыта.

Кошербаев Асет Имангельдыевич учитель истории школы-гимназии №95 г. Караганды

Выявление и повседневная работа с одаренными детьми - это одно из важнейших стратегических направлений современной концепции образования. Первый этап подготовки это теоретический второй практический. Здесь для подготовки мы предлагаем полезные нам ресурсы и источники. Роль учителя - разглядеть и раскрыть ребёнка, активизировать познавательный интерес и подвести учащихся к достижению высоких результатов в учебе.

Одним из видов деятельности, который позволяет достичь таких результатов, являются олимпиады. Они являются важнейшим фактором поиска и выявления одаренных детей, формированием интеллектуального потенциала будущей элиты страны.

Олимпиада по предмету – это не только проверка образовательных достижений учащихся, но и огромный и длительный процесс в ходе которого осуществляется познание предмета в широком аспекте ученики учатся решать нестандартные задания и задания повышенной сложности. Победа школьника на олимпиаде считается профессиональным достижением учителя.

Итак, что необходимо для успешной подготовки школьников к олимпиадам?

В первую очередь, мы считаем, что здесь должно присутствовать желание учителя этим заниматься. Результата не достигнуть если не будет внутренней мотивации. Во-вторых, сам учитель должен расти в профессиональном плане, представлять для детей интерес быть образцом для ребёнка. Тогда ученик будет стремиться к труду и быть заинтересованным в результате.

Успешная подготовка к олимпиаде также зависит от фактора сотрудничества с родителями учащихся их поддержке.

Работа с одаренными учениками это своеобразный "момент истины" для учителя будет ли успех или неудача это все проживается и дает дальнейшее направление для работы. Как же заинтересовать ученика, чтобы он захотел сам готовиться и участвовать в олимпиаде? На основе собственного опыта могу предложить условия подготовки к олимпиадам. 1. Отбор учащихся, выявляющих общие и определенные способности по предмету.

Прежде всего, это мотивированные дети, обладающие высоким уровнем памяти обладающие способностью решать разного уровня задания, умеющие работать с источниками. Также, главным условием, мы считаем, отношение ребенка к истории не как к обычному школьному предмету, а как к науке.

Отбор осуществляем в ходе наблюдения на уроках, организации исследовательской деятельности, проведения внеклассных мероприятий.

Уже с первых уроков истории становится ясно, кто из ребят выделяется более развитой речью, хорошей памятью и прочными знаниями. Этим ребят я стараюсь взять на заметку и максимально заинтересовать их своим предметом.

Они на уроке получают индивидуальные, усложненные задания, выполняют творческие работы (первоначально это рисунки, ребусы, кроссворды). Постепенно эти ребята становятся помощниками учителя, в дальнейшем – экспертами.

Ребята приучаются работать самостоятельно, отбирать материал. Таким образом, формируются первичные навыки исследовательской работы.

2. Подготовка к олимпиаде через внеурочные занятия.

Организация развивающей среды, стимулирующей любознательность и обеспечение ее удовлетворения, осуществляется через внеурочную деятельность.

Времени для индивидуальной работы с одаренными детьми на уроке не хватает, поэтому требуется вовлечение ребят во внеклассную работу. Как правило, это участие в дистанционных олимпиадах, в различных конкурсах.

3. Использование творческих заданий повышенного уровня на уроках.

Как правило, участники олимпиад всегда на уроках получают индивидуальные задания олимпиадного уровня сложности, это касается и домашних заданий.

Результаты работы будут успешными при полной заинтересованности сторон. Никакого диктата! Превосходство учителя выражается лишь в уровне знаний умений и его способности передать их ученику.

При подготовке учащихся к олимпиаде придерживаемся нескольких принципов.

Максимум самостоятельности – предоставление возможности самостоятельного решения заданий. Самые прочные знания это те, которые добываются собственными усилиями, в процессе работы с литературой при решении различных заданий.

Проработка олимпиадных заданий прошлых лет. Разбор олимпиадных заданий прошлых лет является эффективной формой подготовки учащихся для успешного участия в олимпиадах.

Принцип опережающего уровня сложности. Для успешного участия в олимпиаде необходимо вести подготовку по заданиям высокого уровня сложности. В этом заключается суть принципа опережающего уровня сложности, эффективность которого подтверждается результатами выступлений на олимпиаде. В психологическом плане реализация этого принципа придает уверенность учащемуся, раскрепощает его и дает возможность успешно реализоваться.

Анализ результатов прошедших олимпиад. При анализе прошедших олимпиад вскрываются упущения, недостатки, находки, не учтенные в предыдущей деятельности, как учителя, так и ученика. Этот принцип обязателен для учителя, так как он положительно повлияет на качество подготовки к олимпиаде. Но он так же необходим для учащихся, так как способствует повышению прочности знаний и умений, развивает умение анализировать не только успехи, но и недостатки.

Индивидуальный подход. Индивидуальная программа подготовки к олимпиаде для каждого учащегося, отражающая его специфическую траекторию движения от незнания к знанию, от неумения решать сложные задания к творческим навыкам выбора способа их решения.

Психологический принцип. Считаем необходимым воспитать в олимпиадниках чувство здоровой амбициозности, стремления к победе. Победитель всегда обладает бойцовскими качествами. Это важно для взрослой жизни! Нужно увидеть задатки в ребёнке и вырастить эти качества. Научить верить в свои силы, внушить, что он способен побеждать. Однако важно подчеркнуть, что победителями все не бывают. Не надо волноваться, в олимпиаде принимают участие такие же ребята, как и вы.

Учителю-предметнику в работе необходимо:

- составить план занятий с ребенком, учитывая индивидуальные особенности ребенка;
- определить темы консультаций по наиболее сложным и запутанным вопросам;

- выбрать форму отчета ребенка по предмету (тесты, вопросы и т.д.) за определенные промежутки времени.

И в конце своего выступления хотел бы предложить для уважаемых коллег в качестве рефлексии несколько заданий.

Задания для участников
мастер класса 1 группа

Определите, кто изображен на портрете и укажите, какие события в истории Казахстана связаны с их именем.



Задания для участников мастер -класса 2 -группа
«Историческая головоломка».

Ниже приведены имена или фамилии исторических личностей, в которых нарушен порядок букв. Кроме того, в каждом слове есть лишняя буква. Требуется восстановить правильный порядок букв в соответствии с именами известных людей, а лишнюю букву поместить в колонку справа. Правильно выполненное задание позволит прочесть по вертикали имя или фамилию еще одного известного исторического лица. После разгадывания головоломки спикеру дать краткую характеристику данных исторических личностей.

- А. ТЫАКСМ _____
 ДЕАГИЕ _____
 ЕУКРЕЙ _____
 АХНКААЗАРК _____ ...
 ИБНЕКАЖЕД _____ ...
 Б. ДВОАТА _____ ...
 МБЕМАБАХТ _____ ...
 ПНЕВЛЮЕЛ _____ ...

ЫРАЛАЕ _____...

АТЙСАИЙ _____...

Задание для участников мастер-класса 3 группа

Согласны ли Вы со следующими утверждениями? По каждому из ответов спикеру привести аргументированные доводы.

А. Великий Шелковый путь стал функционировать в середине I века до н.э.

Б. В XVII-XVIII веках народное собрание представителей 3-х жузов собиралось по мере надобности.

В. В Анракайском сражении казахи нанесли джунгарам сокрушительный удар.

Г. Сибирский генерал-губернатор М.М.Сперанский разработал проект «Устава об оренбургских киргизах».

Д. Со второй половины XIX века Казахстан стал превращаться в сырьевую базу промышленности России.

Секция: Казахский язык и литература

«КҮЗГІ МЕКТЕП» АЯСЫНДА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ

Багжанова Б. Н., ШЛ №101

Мақсаты - дарынды оқушымен жұмыс істейтін мұғалімдерге оқу-әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- дарынды оқушыны анықтау;
- оқушымен жұмыс жоспарын дұрыс ұйымдастыру;
- тілдік дағдылардың мақсатын айқындау;
- тілдік дағдыларға құрылған жаттығу тапсырмаларын дайындау.

Дарынды баланы қалай анықтаймыз?

Дарындылық – бұл адамның белгілі іс-әрекеті аумағында ерекше табыстарға жету үшін көмектесетін қабілет дамуының деңгейі. Дарындылық—адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. <https://youtu.be/6iJGs3suB6o>

Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың өз зерттеулерінің негізінде: “Мұғалімдер үшін дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан,- Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды»-деген екен. Шындығында, біз жұмыс

істеуде нәтиже беретін оқушыны іздейміз. Дарынды бала туа біткен дарын иесі және біртіндеп оқып, үйреніп, бақылап, іздену арқылы табысқа жететін дарынды бала болып бөлінеді екен.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты—олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға көмектесу, бірлесіп нәтижеге қол жеткізу. Ал мақсатқа жету - оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды баланың бойында қандай қасиеттер болу керек?

- Оқушыны жауапкершілігі
- Оқушының қызығушылығы
- Оқушының патриоттық сезімі
- Оқушының коммуникативтілігі
- Оқушының креативті ойлай білуі
- Оқушының өзін-өзі бағалау деңгейі

Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерде қандай қасиеттер болу керек?

- Мұғалімнен үлкен ізденісті
- Көп еңбектенуді
- Мейірімді, сезімтал болуды;
- Төзімділік, оқушыға деген сыйластық;
- Жауапкершілікті талап етеді.

Оқушымен жұмыс жоспары

Пән	Күні	Сағат саны	Жұмыс түрі	Тақырыбы
Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде	7.11.2018.	1 сағат	Лексико-грамматика	Тыңдалым жаттығулары. Фонетика бөлімі бойынша қайталау.
	9.11.2018.	1,5 сағат	Тіл дамыту.	Оқылым жаттығулары. Функционалдық сауаттылыққа тапсырмалар орындау. Эссе жазу.
	14.11.2018	1 сағат	Лексико-грамматика бөлімі.	Лексика бөлімін қайталау. Тапсырмалар орындау.
	16.11.2018	1,5 сағат	Мәтінмен жұмыс.	,әңгімелерімен жұмыс. Мәтіннің желісін табу. Тыңдалым

				жаттығуларын орындау
	21.11.2018	1 сағат	Лексико-грамматика.	Морфология. Сөз таптарын қайталау. Сөйлем құрау. Тест тапсырмаларын орындау.
	24.11.2018	1,5 сағат	Тіл дамыту.	Айтылымға тапсырмалар. Мәтінмен жұмыс. Эссе жазу.
	28.11.2018	1 сағат	Лексико-грамматика.	Сөйлем түрлерін қайталау. Сөйлем мүшелеріне талдау жасау. Оқылым тапсырмаларын орындау.
	1.12.2018.	1,5 сағат	Мәтінмен жұмыс.	Шағын шығарма жазу. Қатемен жұмыс. Эссе жазу.
	4.12.2018.	1 сағат	Эссе жазу. Қайталау. Қатемен жұмыс.	Жоспарлы тақырып бойынша.

Оқушымен жұмыс ұйымдастырғанда барлық тілдік дағдылар қарастырылуы керек:

- Тыңдалым
- Оқылым
- Жазылым
- Айтылым

Тыңдалым әрекетінің мақсаты:

Тыңдаған мәтіннің тақырыбын анықтау;

Мәтіннің идеясын түсіну;

Мәтіндегі негізгі пікірлерді және қате пікірлерді анықтау.

1.Тыңдалым дағдысына арналан тапсырмалар.

(Мәтіннің мақсатын айқындау, сұхбатқа қатысушылардың пікірін нақтылауға, астарлы сөздердің мәнін ақындауға бағытталған жаттығу)

1.Мәтінге лайық тақырыпты қойыңыз.

А) Жер мен көк

Ә) Ащы мен тәтті

Б)Алыс пен жақын

В) Байдалы бидің Шорманға айтқаны

2. Мәтін мазмұны бойынша кестені Шорман мен Байдалының айтуы арқылы толтырыңыз.

Тәтті

Ащы

Алыс

Жақын

3. Қайсысы кімнің пікірі екенін стрелка арқылы көрсетіңіз.

Алыста – жер мен көктің арасы алыс, жақында ерлі-байлы кісінің арасы жақын, тәттіде-сол әйелден туған бала тәтті, ащыда-сол баладан айырылған ащы

Байдалы бидің

Алыста-білімді мен наданның арасы алыс, жақында-өлім жақын, тәттіде-жан тәтті, ащыда-жаннан айырылу ащы

Ондай пікір жоқ

Алыста-ағайын алыс, жақында-көрші жақын, тәттіде-қант, ащыда-тұз ащы

Шорманның

4. Дұрыс жауабын қойыңыз.

Шорман Байдалы ыге қандай мақсатпен барды?

А)Танысуға

Ә)Сәлем беруге

Б)Жағдайын сұрауға

В)Үлгілі сөз естуге

5. Мәтіндегі мақалды көрсетіңіз.

А)Алыста-білімді мен наданның арасы алыс.

Ә)Алтын берген дос емес, ақыл берген дос.

Б)Жақында-өлім жақын.

В)Тәттіде-жан тәтті

Тыңдалым дағдысының керібайланысын жасап кетейік

Сіз үшін тыңдалымда қандай қиындық бар? (ұстаздармен кері байланыс)

➤ Тыңдалымға қаншалықты көңіл бөлесіз?

➤ Менің ұсынғандарымнан нені қолданар едіңіз?

Оқылым тапсырмаларының мынандай түрлерін қолдануға болады:

1. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

2. Мәтінге сәйкес ақпаратты табыңыз.

3. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

4. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз (сұрақ-жауап).

5. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

6. Мәтінге нақты тақырып қойыңыз

Оқылым тапсырмасы.

2-тапсырма.

Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Гүлнәр мен Дәурен үйде қалды. Анасы жұмысқа кетерде, малға уақтылы шөп салуды Дәуренге тапсырды.

Гүлнәр үй ішін сыпырды, еденді таза шүберекпен сүртті. Терезе алдында үлкенді-кішілі құмыраларда өсіп тұрған үй гүлдеріне су құйды.

Дәурен достарымен бірге балық аулауға кетті. Ауыл жанындағы өзеннен он шақты балықты түске дейін қиналмай-ақ ұстады. Ол бұған қатты қуанды. Балық аулаймын деп кеш болып кеткенін Дәурен байқамады. Бір кезде анасының сөзі есіне түсті:

– Ау, достарым, мен үйге қайттым. Анам «Малға шөпті уақтылы бер» деген еді. Мен болсам ұзақ отырып қалыппын, – деп ұстаған балықтарын жинастыра бастады.

Үйге кірерде Дәурен ең алдымен малды қораға қарай бұрылды. Қора ішінен байқағаны – екі сиырдың алдында мол шөп. Жануарлар шөп жеп тұр. Дәуреннің көңілі жайына түсті.

– Дәурен, балықты көп ұстапсың ғой, – деді Гүлнәр көйлектерді жуып жатып.

– Ия, Гүлнәр. Балықтың қызығына түсіп, кеш келдім.

– Сен кешіккен соң, малдарға шөп салып қойдым.

– Рақмет, Гүлнәр, – деді Дәурен ризашылығын білдіріп. Сөйтті де, Гүлнәрдың жанында бос тұрған екі шелекті қолына алып, құдықтан су әкелуге кетті. Қайырымды әпкесіне осы сәтте қолынан келгенше көмек көрсеткісі келген еді.

1. Мәтінге қандай ат лайықты?

а) Балық аулау

ә) Қайырымды әпке

б) Ананың тапсырмасы

в) Дәуреннің көмегі

2. Дәурен үйге неге кеш келді?

а) Сабақтан кеш шықты.

ә) Балықтың қызығына түсті.

б) Малға шөп жинады.

в) Далада доппен ойнады.

3. Гүлнәрдің мінезіне лайық сөздерді табыңыз.

а) өсекші, өтірікші, жалқау

ә) ұқыпты, таза, еңбекқор

б) білімді, тұйық, қыңыр

в) іскер, пысық, арам

4. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

а) Үйінде қартың болса — асыл қазынаң

ә) Қайырымдылық жасасаң,

Қайырын өзің көресің.

б) Аз сөз алтын, көп сөз көмір.

в) Ақылды өзінен көреді,

Ақылсыз ағайыннан көреді.

5. Мәтінге сәйкес сөйлемді табыңыз.

- а) Дәурен балық аулағанды жақсы көрмейді.
- ә) Дәурен әпкесін сыйламайды.
- б) Дәурен уақыттың өткенін байқамай қалды.
- в) Дәурен үйге ерте келді.

1	2	3	4	5
ә	ә	ә	ә	б

Оқылым дағдысына кері байланыс.

- Оқылымда оқушылардың жиі жіберетін қателерін айтыңыз.
- Оқылым дағдысын қалыптастыру үшін мұғалім қандай жұмыс ұйымдастыруы керек?
- Мен ұсынған жұмыстың қай түрін жиі қолданасыз?

Жазылым (эссе)

Жазылым дағдысы бойынша эссе жұмысында оқушының қазақ тілінде сауатты жаза білу қабілеті бағаланады.

Эссе-қандай да бір өзекті тақырыпты, жағдаятты сипаттауды, мәселенің шешімін ұсынуды талап ететін көлемі шағын жазбаша жұмыс.

Эссенің құрылымы

- Тақырып
- Жоспар
- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды

Тақырып таңдалған соң уақытты жоспар құруға және эссе жазуға бөлу керек.

Эссенің тақырыбы

Бірнеше тақырып болады. Таңдау балада.

Тақырыптың атауына мән беріп, мақсатын, не сұрап отырғанын, тақырыпқа қатысты жағдаяттарды, өзекті мәселелерді ойластыру керек. Тақырыпты ашатын, айтатын мәселелерді жүйелеп алу үшін жоспар құру керек.

Эсеге дайындалу мен оны жазу жолдары:

- Эссенің мазмұны мен сапасы неге байланысты?
- Жазуға дейінгі игерген материалға;
- Көтеретін мәселеге байланысты көзқарасына;
- Білетін нәрсесін қаншалықты қолдана алады;
- Ойының жүйелілігіне;
- Өз пікірін, көзқарасын, ұстанымын дәлелдей алуына;
- Проблеманы қаншалықты анықтай алуына;
- Сөздердің орын тәртібі мен тілдік норманы сақтауына.

Эссе жұмысын тексеріп көріңіз

Эссе бөлімдерге дұрыс бөлінген – 5
Эсседе тақырып толық ашылған – 10
Көтерілген мәселеге өзіндік баға береді – 10
Айтар ойы айқын, мазмұны толық -10
Стильдік нормалар сақталған – 5
Грамматикалық нормалар сақталған - 10
Кітап – білім бұлағы
Жоспар
I.
II.
III

Көтап, менің досым. Мен кітап жайлы айтамын, досым, кітапты абайлайық. Себебі кітап-білім бұлағы. Балалар Отанды сүйу керек. Кітап деген үлкен байлық. Мен бос уақытта кітап оқып отырмын. Мен мақал-мәтел кітаптар оқып отырмын. Мен ойлаймын мақал көп білемін. Көтап көп оқимын. Мен кітап жинаймын. Менің кітапханам болады. Мен достарымды кітапханаға шақырамын. Жастар көп кітапхана оқысын. Ол өте пайдалы. Олар білімді жастар. Қазақстан өте тәуелсіз , сондықтан көп оқу керек. Кітап білім - бұлағы.

Кітап-білім бұлағы

Жоспар

I.Кіріспе. Кітап-білім көзі.

II. Негізгі бөлім.

A) Кітап-ақылшың.

B) Менің сүйікті кітабым.

III. Қорытынды бөлім. Кітапқа қызықтыру.

Кітап – білім көзі. Таным мектебі. Оған көптеген дәлел бар.

Кітап арқылы тарихпен танысасың, рухани байисың, білім аласың. Ерлік пен елдікті үйрететін кітап. Әдебиетпен, өнермен таныстыратын кітап. Сол себептен кітапты көп оқу керек.

Қазіргі жастар кітап оқығаннан гөрі ұялы телефонға қарағанды ұнатады. Бірақ ешқандай гаджет кітаптың орнын баса алмайды. Мүмкін жастар есейе келе кітапқа бет бұрар. Әлде, бұл әдет болып қалыптаспайды.

Менің мақсатым көп. Сол мақсатқа жетуіме маған көмектесетін кітап деп ойлаймын. Білімді кітаптан іздесең, табасың.

Мен әдемі сөйлеуді кітаптан үйренемін. Ақылды, ғылымды кітаптан табамын. Мен бақытты болуды кітаптан үйренемін.

Жазылым дағдысына кері байланыс

➤ Жазылымда жиі кететін қателер.

➤ Эсседе неге көп көңіл бөлу керек?

➤ Сіздің нақты ұсынысыңыз. Балаға қалай үйретеміз?

Айтылым тапсырмалары

Айтылым — адамдар арасындағы тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі.

Айтылым, яғни сөйлеу, негізінен, бір адамға ғана тән болғанымен, тілдік қатынаста екі жақты байланыстың болуын қажет етеді.

Айтылым әрекетіне қатысты ең басты мәселе — сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру.

Айтылым тапсырмалары

Айтылым — адамдар арасындағы тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі.

Айтылым, яғни сөйлеу, негізінен, бір адамға ғана тән болғанымен, тілдік қатынаста екі жақты байланыстың болуын қажет етеді.

Айтылым әрекетіне қатысты ең басты мәселе — сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мойлбекова Р. А., №93 гимназия

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындаудың тиімді жолдары» тақырыбында атқарылған жұмыстар бойынша өз тәжірибеммен бөліскім келеді. Биік жетістіктерге жететін оқушыны танып, бағалап, баулу- ұстаздықтың ең биік мәртебесі. Олимпиадаға оқушы таңдаудағы басты критерийлер:

- Басқалардан өзгеше әрі шапшаң ойлайды, ойлау белсенділігі жоғары;
- Еңбекқор, өздігінен жұмыс істей алады;
- Өзіне сенімді, қиыншылықтан қорықпайды;
- Сөздік қоры мол, есте сақтау қабілеттері жоғары;

Дарынды оқушылармен жұмыс істеудегі басты мақсат: оқушы бойындағы ерекше қасиет пен қабілетті, дарындылықты анықтап, оны жан-жақты дамытуға, өсіп-жетілуіне қолайлы жағдай жасау;

Келесі міндеттер арқылы жұмыс іске асырылады:

- Пәнге қызығушылығы бар оқушыны анықтау;
- Дайындық жоспарын құру;
- Оқушыларға жоғары деңгейдегі тапсырмалар дайындау;
- Оқушыларды түрлі деңгейдегі сайыстарға, байқауларға, олимпиадаларға дайындау және қатыстыру;
- Ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми-практикалық конференцияларға дайындау;

Оқушының ойлау қабілетінің жоғары болуы – әр ұстаз алдындағы міндет. Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіші - әдістемелік жұмыс жасаудағы

ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибелерді жетік меңгеруі. Осы көрсеткіштерді орындай білген ұстаз баланың бойындағы дарындылық қабілетін дамыта алады. Дарындылық қабілетті дамыту жолдары көп, соның ішінде пәндік олимпиадалардың ролі зор. Оқушының пәнге қызығушылығын оятатын, оның шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында ұйымдастыру шаралары қолға алынуы керек. Жүйелі дайындық және тынымсыз еңбек – пәндік олимпиаданың шыңын бағындыруға қажетті ең негізгі критерий. Кез келген олимпиадаға дайындық мектептің оқу бағдарламасынан тыс қосымша білім алу болғандықтан, от өте жоғары мотивациямен өз бетінше жұмыс істеуді қажет етеді. Олимпиадалық дайындықты бастау кезеңі - жоспар құру. Жүйесіз, жоспарсыз жұмыстан ешқашанда нәтиже шықпайды. Сол себепті олимпиадалық дайындықта оқушы уақытымен пәннің тереңдеу негізіне жоспар жасалуы керек. Ол жоспар әр апта немесе айында бір қорытындылап, пысықталып, толықтырылып отыруы шарт. Жоспарда қамтылған жұмыс түрлері өте көп: жеке жұмысты жоспарлау, шығармашылық ізденістерге кеңес беру, өздігінен жұмыс істеуін қадағалау; олимпиадаларға, конференцияларға дайындау және қатыстыру; тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, диагностикалық жұмыс, мониторинг жүргізу.

Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай, біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек. Оқушыларды қажетті оқу құралдармен қамтамасыз ету және әдебиеттер тізімі, тапсырмалар жинағы, оқылым, тыңдалым аудиомәтіндері, лексикалық-грамматикалық тесттерді ұсынған жөн.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың білімі, алдымен, олардың қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде жан-жақты меңгеруін сараптаумен бағаланады. Оқушылар қазақ тіліндегі мәтінді тыңдаған не оқыған кезде мазмұнын түсініп, белгілі бір тақырып бойынша өз ойын еркін жеткізе біліп, грамматикалық тұлғаларды дұрыс қолданып, сауатты жаза білуі шарт. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінен қала, облыс, республика деңгейіндегі олимпиада сөйлесім әрекетінің 5 түрін қамтиды: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім. Сондай-ақ оқушыларға лексикалық-грамматикалық тест ұсынылады. Дәстүр бойынша олимпиада екі турдан тұрады. Бірінші күні барлық жазбаша тапсырмалар орындалады, бұған тыңдалым, оқылым, жазылым және лексикалық-грамматикалық тест кіреді. Екінші тур ауызша тапсырмалар - айтылым және тілдесімнен тұрады.

Оқушыларға қосымша дайындалатын әдістемелік тапсырмалар көп септігін тигізеді. Қазақ тілі пәнінен олимпиадаға дайындау мақсатында көп тапсырмалар жинақталды. Ол тапсырмалар сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамтиды, әр салаға бөлек жинақталды. Осы тапсырмаларды жыл сайын олимпиадаға оқушыны дайындау барысында қолданып келеміз, үнемі толықтырып отырамыз. Олимпиадалық тапсырмаларды «Ертіс Дарыны»(Павлодар), «Қостанай Дарыны» сайттарынан үнемі алынады.

Күнделікті сабақ барысында олимпиадаға дайындауда атқарылатын жұмыс түрлері:

1. Тыңдалым дағдысы.

Тыңдалым дағдысы бойынша: негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады. Оқушыларды кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу маңызды. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әр түрлі болуға тиісті. Тыңдалымды қолданылған сабақ құрылымы ерекше болады: бірінші, тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру, тыңдалымға тірек сөздерді үйрету; Екіншіден, тыңдалым тапсырмасы: әр түрлі жаттығулар тобы;

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: сұрақтарға жауап беру, өз көзқарасын білдіру, тәжірибелерімен байланыстыру.

2. Оқылым дағдысы.

Оқылым - оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі. Оқылым арқылы тіл үйренушінің танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамиды болады. Күнделікті сабақ үстінде, оқушымен жеке жұмыста мәтінмен жұмысты тиімді ұйымдастыру - мұғалімнің шеберлігіне байланысты, мұғалімді жаңаша жұмыс істеуге, көп еңбектенуге, қызықты тапсырмаларды құрастыруға жетелейді. Мәтінмен жұмыс жасау - қазақ тілі сабақтарындағы оқылым дағдысының негізі. Сабақта әр түрлі мәтіндерді қолдануға болады. Ең бастысы, мәтін мен тапсырмалар оқушыларға қызық, түсінікті болуы керек.

Оқылым тапсырмасы:

- Мәтіннің тақырыбын, идеясын, негізгі ойын анықтау;
- Мәтінге сәйкес мақалды белгілеу;
- Мәтіндегі антонимдерді, синонимдерді табу;
- Мәтіндегі басты тірек сөздерді анықтау;

3. Жазылым дағдысы.

Жазылым - төрт дағдының бірі және өнімді дағдылар қатарына жатады. Жазылым дағдысы - тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, өз көзқарасын білдіру және қорытынды шешім шығару деңгейіне бағытталады. Жазылым түрлеріне эссе жатады. Жазылым дағдыларын бағалау: шығармашылық бағыттағы сипаттау, баяндау (шағын әңгіме, эссе, қойылым сценарийі) және белгілі бір аудиторияға бағытталған дәлелді мәтіндер (үндеу хат, пікір, мақала, жарнама) жазу, (әңгіме, шығарма, эссе жазу, хат жазу, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіру, цитатамен жұмыс. Жазылым - төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлеріне эссе жатады. Сонымен, олимпиада тапсырмасының бірі- эссе жазу. 20 ұпаймен бағаланады.

Жазылымды бағалау:

Мазмұны Тақырып толық ашылған;
Ой-тұжырымдары дәлелді және өте жақсы баяндалған;
Қарапайым және күрделі идеялар тиімді сабақтасады;
Оқушы тақырыпты ашуда бірегейлік, өзіндік ерекшелік танытады

Құрылымы Эссенің құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері дұрыс ойластырылған; келтірілген аргументтері қисынды өзара байланысқан және жұмыстың негізгі мазмұнын ашады. Жұмыстың құрылымы жағынан кемшілігі жоқ.

Сөздік қоры Оқушының сөздік қоры мол, стильдік қолданыстары өте дұрыс, сөз саптауы жоғары деңгейде

Грамматикасы Жұмыс грамматика тұрғысынан мінсіз. Барлық грамматикалық құрылымдар дұрыс, орынды қолданылған.

Орфография мен пунктуация Жұмыста ешқандай емлелік және пунктуациялық қате жоқ.

4.Тілдесім/ сөйлесім дағдысы.

Тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Олимпиадаға оқушыларды дайындаудағы жұмыстың негізгі-тілдесімдік әдіс. Сөйлеу әрекетін ұйымдастыру жолдары: сөздік қорын анықтау, жаңа сөздер, мәтінмен жұмыс, жаттығулар, диалог, ролдік ойындар, тірек сызбамен жұмыс, монолог, сөйлеу.

Мақал-мәтел - халық даналығының қазына байлығы. Олимпиада тапсырмаларында мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру тапсырмасы міндетті түрде болады. Сабақтың тақырыбына сай алынған мақал-мәтелдің мағынасы түсіндіріледі, күнделікті өмірмен байланыстырылады.

Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі тиіс. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз мәтінде, сұхбат жаттығуларда қолданысымен байланыста беріледі. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөзді оқушының күнделікті өмірде, қарым-қатынаста қолданылатын белсенді сөздігіне айналдыру оқушының сөздік қорын байытудағы негізгі мақсат болып саналады.

Тіл дамытуға, сөздік қорын байытуға арналған ойындар:

«Мақал жарысы» «Жұмбақ зат»
«Жалғасын тап» «Жоғалған әріптер»
«Сұрақ – жауап» «Алфавит»
«Қара жәшік» «Сөйлемді толықтыр»
«Суретті жұмбақтар» «Кім тез?»

5. Лексикалық-грамматикалық тест.

Тестілеудің ең негізгі және ең айқын атқаратын қызметі- оқушының білім деңгейін, пән бойынша тақырыпты қалай меңгергенін анықтайды. Мұғалімге лексикалық-грамматикалық тест тапсырмаларын жиі өткізген

дұрыс, қазақ тілінің барлық саласын қамтитын тапсырмаларды құрастырған жөн. Тест оқушылардың білімін анық көрсетеді. Тест жүргізу арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттері және есте сақтау қабілеттері артты. Оқушыларды тестпен жұмыс істей білуге үйрету - мұғалімнің басты міндеті. Тестте тарихи тұлғалар, маңызды оқиғалар, салт-дәстүрлер, ақын-жазушылар туралы сұрақтар көп кездеседі. Тест орындағаннан кейінгі жұмыс маңызды: бала біліміндегі олқылықтарды жою, тест тапсырмасы бойынша сараптама жүргізу. Әрбір тақырыптық, бақылау және сынама тестілері алынғаннан кейін оқушылардың жұмыстарын тексеріп, қатемен жұмыс жүргізген өте маңызды. Қатемен жұмыс жүргізу оқушыға жіберген қатесін нақтылап, есте сақтауына көмектеседі. Онда көптеген жұмыс түрлері белгіленген.

Демалысқа шығатын оқушыларға арнайы әдебиеттер тізімі мен тапсырмалар ұсынылады. Осылайша жұмыс үздіксіз, жүйелі атқарылады да, белгілі бір нәтижеге ие болады. Олимпиададағы білім додасы оңай емес. Өз бетімен ізденетін, қажырлы, еңбекқор, өзінше намысы бар оқушылар ғана жүлделі орынға ие болады. Әрбір ұстаздың бала оқытудағы мақсаты – бәсекеге қабілетті дарынды ұрпақ тәрбиелеу.

ОҚУШЫЛАРДЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мусина А.Е., ШЛ №57 им. С. Сағтарова

Шеберлік - сыныбның мақсаттары мен міндеттері: Олимпиада резервтерімен жұмыс жүргізудің дайындық жолдарына тоқталу, пікірлесу ортасын құру, ұйымдастыру және оқу-әдістемелік тәжірибемен бөлісу, іс-тәжірибеде қолданудың тиімді тәсілдерін айқындау.

Күтілетін нәтиже: тәжірибе алмасады, пікір алысады; оқушыларды пәндік олимпиадаға іріктеу, дайындау әдіс-тәсілдерін үйренеді, олимпиада тапсырмаларының жүйесі мен оны дайындау тәсілдерін меңгереді.

Мақсатты бағытталған аудитория: шеберлік сыныбына қатысушы облыс мектетептерінің мұғалімдері

Әдіс-тәсілдері: топтық жұмыс, тренинг, диалог

Қажетті жабдықтар: Бағдарламалар, слайд-таныстырылым, олимпиада тапсырмалары, дереккөздер

Шеберлік- сынып барысы:

I Ой қозғау сатысы

Ұйымдастыру кезеңі.

Шеберлік сыныбының мақсат-міндеттерімен таныстыру /Жаркеева Г.Б./

Эпиграф. Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.

(Д.Қонаев)

Құрметті әріптестер! Қазақстанды әлемдік деңгейде таныту үшін білім жүйесі бәсекеге қабілетті жоғары деңгейде болуы қажет. Оқу үрдісі уақыт талабына сай өзгеріп отырса да, тек ұстаз ғана оның мазмұнын оқушы санасына жеткізеді. Шәкіртті оқу үрдісінде мұғаліммен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, шығармашылық жұмысқа бағыттау, дарынды балалардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай туғызу – әр мұғалімнің міндеті.

II Мағынаны ашу кезеңі.

Жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыт-бағдары:

1. Пәндік олимпиадалардың маңыздылығы
2. Дарынды балаларды анықтау
3. Оқушыны пәндік олимпиадаға қатыстырудың пайдасы қандай?
4. Оқушыны пән олимпиадасына дайындауда нені ескерген жөн?
5. Оқушыны пәндік олимпиадаға қалай дайындау керек?
6. Олимпиадаға дайындау барысында неге көңіл бөлген жөн?
7. Функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалармен жұмыс
8. Дереккөздермен жұмыс
9. Пәндік олимпиаданың II турының мақсаты туралы
10. Пәндік олимпиаданың II турының тапсырмалар жүйесінің мазмұны
11. Пәндік олимпиаданың II турының тапсырмалар үлгісі
12. Пәндік олимпиадаға қатысқан оқушылар жұмыстарын бағалау критерийлері
13. Олимпиадаға қатысушылар тарапынан жиі жіберілетін кемшіліктер
14. Пәндік олимпиадаға қатысқан оқушылар жұмыстарын талдау
15. 9-сыныпқа арналған олимпиада тапсырмаларын құрастыру
16. 8-сыныпқа арналған олимпиада тапсырмаларын тексеріп, бағалау
17. Грамматикалық талдаудың үлгілерін ұсыну

III Ой толғанис сатысы.

Шеберлік сыныбына қатысушылар спикер ұсынған тапсырмалармен практикалық жұмыс түрлерін орындайды (олимпиада тапсырмаларының үлгілерімен танысады, тапсырмалар құрастырады, тапсырмаларды талдайды, оқушылар жұмыстарын бағалайды)

IV Рефлексия. /Мусина А.Е./ /10 мин/

V Қорытынды /10 мин/

Қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап беріледі.

Түйіндеу.

Білімді ұрпақ - Қазақстанның болашағы. Ал, жас ұрпақты жан - жақты терең білімді жеке тұлға етіп тәрбиелеу – біздің, ұстаздар қауымының, алдына қойылған ауыр жүк. Сондықтан қиындығы мен қызығы мол ұстаздық еңбек жолында барша ұстаздар қауымына күш - қуат, шығармашылық табыстар тілеймін.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА

ДАЙЫНДАУ

Айтжанова М. Т., СШИ Информационные технологии «Озат» г. Темиртау

Мақсаты: Оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау бойынша аудан, облыс мұғалімдерімен іс-тәжірибе алмасу.

Нәтижесі: Қазақ тілінен олимпиаданың І кезең тапсырмаларын орындау ерекшеліктері, эссеге қойылатын талаптар мен оның құрылымдық бөліктері мәселелері талқыланады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек,» - деді.

Осы орайда, келешек ұрпаққа сапалы білім беру заман талабына айналуға. Сапалы білім көрсеткіштерінің бірі пәндік олимпиада болып табылады. Жалпы, пәндік олимпиадалар тарихы тым әріден басталады. Ал оқушылар үшін ең алғаш 1934 жылы Ленинградта математика пәнінен олимпиада өткізіліп, ал 1960 жылдары пәндік олимпиадалар халықаралық деңгейде ұйымдастырыла бастаған екен. «Олимпиада» сөзінің этимологиясы грек тілінен «ақиқат» және «түсінік, білім» деген мағыналарды береді екен. Ежелгі Грецияда басын бұлт ораған ең биік Олимп тауларынан бастау алатын осынау сөздің түп тамыры биіктік, асқақтық, шың дегенді білдірсе керек. Ендеше, белгілі бір пәннен ең үздік білім көрсетіп, ақиқатқа қол жеткізген оқушы биік шыңнан көрінеді дегенді айқындайтын пәндік олимпиадалар күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Осы олимпиадаға оқушы дайындаудың белгілі бір дайын рецептісі жоқ. Әр мектеп, әр мұғалім өткен тәжірибелері негізінде өз бетінше оқушы дайындайды. Бүгінгі семинарда «Олимпиадаға оқушыларды қалай дайындап жүрміз, қандай жолдары бар?» деген сауалға бірлесіп жауап іздеп, өз іс-тәжірибемізбен бөлісетін боламыз.

ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ – ғылымның алғашқы басқышы, бала санасына ғылымның алғашқы ізденістерін қалыптастырып, болашақ ғалымдарды баулитын, ғылымға еркін бойлайтын жастар қосынын қалыптастыратын ең үлкен және ең тамаша бағдарламалық бәсеке.

Олимпиаданың мақсаты – зияткерлік дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау, оларды жетістікке жетелеу.

Міндеттері:

- Дарынды балаларды анықтауға және дамытуға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайларды жасау;

- Дарынды және қабілетті оқушыларда белсенді танымдық қызметке қызығушылықты дамыту;

- Білім кеңістігінде дарынды оқушылардың әлеуметтік жобаларына ынтагерлік білдіру және оларды жүзеге асыру;

- Дарынды балаларды қолдап, шабыттандырып, ғылым жолына түсуге ниетті жастарды даярлау.

Олимпиадаға оқушы таңдаудағы басты критерийлер:

- Оқушы психологиясы
- Логикалық ойлай білуі
- Оқушының еңбекқорлығы
- Оқушы нәтижесі
- Оқушы мінезі
- Оқушының денсаулығы
- Оқушының ата-анасы
- Оқушының ғылыми ойлау деңгейі
- Оқушыға берілетін мотивация

К.Д.Ушинский: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын өз бетімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілінің басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты өзекті пән екені түсінікті емес пе?!» - дейді. Осы өзекті пәннен олимпиадашы дайындау үшін, алдымен, «дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тіліміздің» білгірлерін, жанашырларын дайындап шығару үшін, алдымен, тілге бейімді, тіпті, мен айтар едім, сөзбен «ауыратын» талантты, өлеңмен «өртенетін» дарынды балаларды тауып алу керек. Екінші, өзінің, ата-анасының ризашылығы мен рұқсатын алу керек. Көбінесе, жақсы оқитын оқушылар барлық пәнге бейім болады да, жыл басында сол оқушыларға мұғалімдер арасында «талас» туады. Немесе оқушы басқа бір пәнді таңдаса, басқа мұғалімнің ренішіне қалып, ыңғайсыз жағдайлар туындап жатады. Кейде бір мұғалім бір оқушыны иемденіп алады да, оның енді ән айтып, би билеуіне, не қоғамдық жұмысқа араласуына шектеу қойып жататын жағдайлары да кездеседі. Сондықтан, алдымен, оқушы мен ата-ана таңдауы, өздерінің қалауы ескерілгені құба-құп.

Үшіншіден, олимпиадашы балаға тереңдетіп білім беру жолдары қарастырылуы тиіс, яғни даярлау бағдарламасы терең де, ауқымды құрылу керек. Келесі қадамдар былайша құрылса болады:

- Жоспар құру;
- Сабақ кестесін нақтылау;
- Жүйелі, үздіксіз, бірізді жұмыс кестесін құру;
- ЖОО-мен тығыз байланыс жасау;
- Әр оқушының жас ерекшелігіне қарай жеке жұмыс жасау, өздігінен жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру (қалалық, облыстық кітапханаларға бару, ғаламтор жүйесіне кіру);
- Жаз айында, каникул күндерінде қосымша жұмыс жасау ;
- Оқушыларға құлшыныс тудыратын жағдайлар жасау;
- Түрлі білім олимпиадаларына, сайыс, байқауларға қатыстыру (қашықтық олимпиадалар, білім сайыстары, оқулар т.б)
- Марапаттау, мадақтау, көтермелеу, ынталандыру шараларын қарастыру.

Олимпиаданың І тур тапсырмасы.

Оқушыларды республикалық олимпиадасына іріктеу

(қалалық кезең)

9 - сынып

І тур - Эссе жазу

Жазба жұмысты бағалау тәртібі:

1. Эссе құрылымы және тұтастығы – 10 ұпай
2. Тақырыптың ашылуы және өзіндік пайым – 10 ұпай
3. Деректер мен сілтемелер келтіру деңгейі – 10 ұпай
4. Әдеби тіл нормасы және шығарманың стилі – 10 ұпай
5. Емле және тыныс белгілері – 10 ұпай

Жазба жұмысынан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50 ұпай

ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. «Құтты білік» - дидактикалық поэма.
2. Махамбет жырларында Исатай бейнесін сомдаудағы ақынның тіл шеберлігі (мысалдар арқылы талдап жазыңыз).
3. Саналы ұрпақ – ұлт болашағы.

Эссе тақырыптарының біреуі – еркін тақырып, екеуі – жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған.

ЕСКЕРТУ: Эсседен алған ұпайлары тең болған жағдайда оқу бағдарламасы бойынша жазылған эсеге басымдық беріледі.

Эссенің құрылымына тоқталып өтсем:

Эссе (француз тілінен "essai", ағылшын тілінен "essay", "assay"-талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен "exagium" – ойлау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.

1. Эссенің жазылу жоспары:

- Кіріспе (эссенің 30 % көлемі)
- Негізгі бөлім (эссенің 60 % көлемі);
- Қорытынды (эссенің 10 % көлемі);

Кіріспе – тақырыпты таңдау себебі және мәні, логикалық және стилистикалық байланысқан бірқатар құрылымдардан тұрады. Бұл кезеңде өз зерттеу барысында жауап іздеген сұрақты дұрыс құрастыру өте маңызды, ал әрі қарай жауапты растайтын дәлелдердің реттілігі қажет. Кіріспе бойынша жұмыс жасағанда мына сұрақтарға жауап көмектесуі мүмкін: «Мен ашатын тақырып қазіргі кезде маңызды ма?», «Менің ойымша тақырыпқа қандай түсініктер енуі мүмкін?», «Тақырыпты бірнеше шағын тақырыпшаларға бөлуге бола ма?», т.б.

Негізгі бөлім – таңдаған мәселе және негізгі сұрақты қарау теориялық және практикалық негіздерін қамтиды. Осы бөлімде дәлелдер мен талдаудың

дамуын болжайды, сонымен қатар, бұл сұрақ бойынша бар мәліметтерге карағанда басқа дәлелдер мен ұстанымдардың негіздеу қажет.

Эссенің негізгі мазмұны осында. Сондықтан маңыздысы тақырыпшалар, олардың негізінде дәлелдемелердің жүйеленуі (логикалық мәліметтерді қолдану немесе ой толғаулар) жүзеге асады, яғни ұсынылған дәлелдемелерді/талдауды негіздеу қажет. Қажет болған жерде талдаудың құралы ретінде кесте, сызба, диаграмма, сонымен қатар өз тәжірибеісін де пайдалануға болады.

Қорытынды – тақырып бойынша дәлелді қорытынды мен жинақтау. Эссені қорытындылайды немесе негізгі бөлімде айтылғанды мәні мен мағынасын тағы да анықтайды. Қорытындыны құрастыру үшін ұсынылатын әдістер: қайталау, суреттеу, цитата, әсерлі дәлелдеу. Қорытынды эссені толықтыратын өте маңызды элементті ұстауы мүмкін, басқа мәселелермен байланысын жоққа шығармай, зерттеудің (импликация) қолдануына сілтеме сияқты. Қорытындыда «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» деген сұраққа жауап болу қажет. Эсседе зерттеген мәселе бойынша қатысы, оны дәлелдеу, өзіндік қасиет және жаңаша ойлау бағаланады.

ОҚУШЫЛАРДЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қасым Г. М., КГУ «СОШ№ 36» г. Караганда

I теориялық бөлім

II практикалық бөлім

III кері байланыс

Шеберлік - сыныбының мақсаты: пән олимпиадасына дайындық жұмыстарын жүргізудің жолдарын анықтау, оқу-әдістемелік тәжірибемен бөлісу, іс-тәжірибеде қолданудың тиімді тәсілдерін айқындау.

Күтілетін нәтиже: пікір алысады; оқушыларды пәндік олимпиадаға іріктеу жолын біледі, дайындау әдіс-тәсілдерін үйренеді, олимпиада тапсырмаларының жүйесі мен оны дайындау тәсілдерін меңгереді.

Мақсатты бағытталған аудитория: шеберлік сыныбына қатысушы облыс мектептерінің мұғалімдері

Әдіс-тәсілдері: топтық жұмыс, диалог

Қажетті жабдықтар: Бағдарламалар, слайд-таныстырылым, дереккөздер

Шеберлік сынып барысы:

I Ой қозғау сатысы

Ұйымдастыру кезеңі.

Шеберлік сыныбының мақсат-міндеттерімен таныстыру

Пәндік олимпиаданың мұғалім мен оқушы үшін маңыздылығы қандай?

Эпиграф. Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.

(Д.Қонаев)

II Мағынаны ашу кезеңі.

Жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыт-бағдары:

1. Пәндік олимпиадалардың оқушы үшін пайдасы.
2. Сапалы және жүйелі дайындықтың маңыздылығы.
3. Дарынды балаларды анықтау жолдары.
4. Пәндік олимпиадаға дайындық барысында кездесетін кемшіліктер.
5. Олимпиадаға дайындау барысында көңіл бөлетін мәселелер.
6. Пәндік олимпиаданың I турының тапсырмалар жүйесі.
7. Дереккөздермен жұмыс.
8. Пәндік олимпиаданың II турының тапсырмалар жүйесінің мазмұны.
9. Пәндік олимпиаданың II турының тапсырмалар үлгісі.
10. Пәндік олимпиадаға қатысқан оқушылар жұмыстарын бағалау критерийлері.
11. Олимпиадаға қатысушылар тарапынан жиі жіберілетін кемшіліктер.
12. Тіл мәдениеті бөлімі бойынша берілетін тапсырмалар, олардың үлгілері.

III Ой толғаныс сатысы.

Шеберлік сыныбына қатысушылар спикер ұсынған тапсырмалармен практикалық жұмыс түрлерін орындайды (Жағдаяттық тапсырмаларға жазба жұмыстарын орындайды)

IV Кері байланыс. /Қасым Г.М./ /10 мин/

1. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу үлкен жауапкершілік екеніне келісесіз бе?
2. Бүгінгі көтерілген мәселе шығармашылығыңызға енгізуге ой салды ма?
3. Алған әсеріңіз қандай?

V Қорытынды /10 мин/

Қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап беріледі. Түйіндеу.
Білімді ұрпақ - Қазақстанның болашағы. Ал, жас ұрпақты жан - жақты терең білімді жеке тұлға етіп тәрбиелеу – біздің, ұстаздар қауымының, алдына қойылған ауыр жүк. Сондықтан қиындығы мен қызығы мол ұстаздық еңбек жолында барша ұстаздар қауымына күш - қуат, шығармашылық табыстар тілеймін.

ОҚУШЫЛАРДЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАРҒА ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Аймағанбетова Г. К., КГУ «Гимназия №38» г. Караганда

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек,» - деді.

Осы орайда, келешек ұрпаққа сапалы білім беру заман талабына айналуға. Оның бір куәсі - білім мазмұнының жаңаруы. Ондағы мақсат - орта

білім беру сапасын көтеру. Сапалы білім көрсеткіштерінің бірі -пәндік олимпиада болып табылады. Жалпы, пәндік олимпиадалар тарихы тым әріден басталады. Ал оқушылар үшін ең алғаш 1934 жылы Ленинградта математика пәнінен олимпиада өткізіліп, ал 1960 жылдары пәндік олимпиадалар халықаралық деңгейде ұйымдастырыла бастаған екен. «Олимпиада» сөзінің этимологиясы грек тілінен «ақиқат» және «түсінік, білім» деген мағыналарды береді екен. Ежелгі Грецияда басын бұлт ораған ең биік Олимп тауларынан бастау алатын осынау сөздің түп тамыры биіктік, асқақтық, шың дегенді білдірсе керек. Ендеше, белгілі бір пәннен ең үздік білім көрсетіп, ақиқатқа қол жеткізген оқушы биік шыңнан көрінеді дегенді айқындайтын пәндік олимпиадалар күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Осы олимпиадаға оқушы дайындаудың белгілі бір дайын рецептісі жоқ. Әр мектеп, әр мұғалім өткен тәжірибелері негізінде өз бетінше оқушы дайындап жүр. Мен де «Олимпиадаға оқушыларды қалай дайындап жүрмін, қандай жолдары бар?» деген сауал төңірегінде өз іс-тәжірибемізді ортаға салғым келеді.

Ен алдымен олипиадаға оқушы дайындау үшін сол олимипадаға қатысатын, аталған пәнге деген икемі бар оқушына дұрыс таңдап алу білуіміз керек;

Екіншіден, әрине ол оқушының ата-анасымен кездесіп, сөйлесе отырып баланың осы пәнге деген ыңғайынның бар екенін басқа оқушыларға қарағанда озық тұрғанын тілге тиек ете отырып, сол оқушыға сенім артатыныңызды да атап айтуыңыз керек

Үшіншіден, олимпиадаға оқушыны дайындаудың жолдары дұрыс қарастырылуы тиіс

Олипиадаға дайындықтың нақты қадамдары жасалуы керек.

- ✓ Оқушыларды олимпиадаға дайындаудың жоспарын жасап алу;
- ✓ Жүйелі,, бірізді жұмыс кестесін құру;
- ✓ Оқушының оқу үлгеріміне зияны тимеуі үшін сабақ кестесін нақтылау;
- ✓ Әр оқушының ерекшелігіне қарай жеке жұмыс жасау, өздігінен жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру
- ✓ Оқушыларға қызығушылығын тудыратын жағдайлар жасау;
- ✓ Түрлі білім олимпиадаларына, сайыс, байқауларға қатыстыру;
- ✓ Марапаттау, мадақтау, көтермелеу, ынталандыру шараларын ұйымдастыру.

Әрине, ол бала қанша дарында болса да оны әрі қарай жетілдіру, дамыту ұстаздардың құзіретіндегі дүние. Дарынды балалар өз қатарластарын басып озып, оқу материалын меңгеру қарқындылығымен ерекшеленеді. Мұндай балалармен жұмыс жасау қызықты да күрделі. Ол үшін мұғалімнен не талап етіледі?

Ол әрине бірінші кезекте мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқыту үдерісін белсендіріп, оған танымдық, шығармашылық сипат беру үшін оқу әрекетінде ақпараттың заманауи құралдарын: медиатеканы, электронды оқулықтар мен энциклопедияларды, интернет желісін, сондай-ақ қазіргі

заманғы: ойын, оқу-ізденушілік, проблемалы-ізденушілік және т.б. технологияларды тиімді қолдану қажет

Дарынды балаларды сабақ үдерісінде дамыту мен табысты оқытудың басты мақсаты:

- пәндік біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру;
- дарынды балалардың оқу мотивациясын арттыру;
- ақыл-ой қабілеттерін және зерек ойлылықты дамыту;
- өзін-өзі бақылай алу, өзін-өзі бағалау дағдыларын меңгеру;
- ізденушілік және өз бетінше білім алу әрекеттерін дамыту.

Пәндік олимпиадалар қазіргі уақытта оқу процесінің мазмұны мен оқыту технологиясын жетілдіруге бағытталған сыныптан тыс жұмыстың болашағы бар түрлерінің бірі болып отыр.

Олимпиада оқушының өзінің қандай екенін көрсете алатын, потенциалды мүмкіндіктерін ашатын әлеуметтік-психологиялық шарттарды жасайды. Олимпиадаларда оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін, интеллектуалдық потенциалдарын толық әрі еркін іске асыруға, өздерін толық шығармашылық тұлға ретінде байытуына жағдайлар жасайды.

Олимпиадаға дайындау шарттары:

– пән бойынша жалпы және қандай да бір қабілеттері бар оқушыларды анықтап, таңдау.

– пәндік олимпиадаға сабақтан тыс жұмыстар арқылы дайындау;

– дамытушы орта жасау;

– сабақ барысында жоғары деңгейдегі танымдық және шығармашылық тапсырмаларды орындату

7-слайд

Олимпиадаға дайындау барысындағы ұстанымдар:

– мүмкіндігінше өзіндік жұмыстарды орындату;

– белсенді білім алу;

– күрделіліктің озық деңгейлілігі;

– өткен олимпиадалық тапсырмалар нәтижесін талдау;

– жеке жұмыс;

– психологиялық ұстанымның болуы (мен жеңіске жетуім керек ұстанымы)

Сабақ барысындағы жұмыстар:

– сабақ тақырыбымен байланысты олимпиадалық тапсырмаларды орындау:

– шығармашылық және олимпиадалық үй тапсырмаларын беру;

– сыныптан тыс жұмыстар

– жеке өзіндік жұмыс тапсырмаларын беру;

– топтық жұмыс.

– оқу үдерісінде АКТ қолдану

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың білімі, алдымен, олардың қазақ тілін қарым-қатынас құралы

ретінде жан-жақты меңгеруін сараптаумен бағаланады. Оқушылар қазақ тіліндегі мәтінді тыңдаған не оқыған кезде мазмұнын түсініп, белгілі бір тақырып бойынша өз ойын еркін жеткізе біліп, грамматикалық тұлғаларды дұрыс қолданып, сауатты жаза білуі шарт. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінен қала/облыс/республика деңгейіндегі олимпиада сөйлесім әрекетінің 5 түрін қамтиды: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім. Сондай-ақ оқушыларға лексикалық-грамматикалық тест ұсынылады.

Дәстүр бойынша, олимпиада екі турдан тұрады. Бірінші күні барлық жазбаша тапсырмалар орындалады, бұған тыңдалым, оқылым, жазылым және лексикалық-грамматикалық тест кіреді.

Екінші тур ауызша тапсырмалар - айтылым және тілдесімнен тұрады.

Қалалық, облыстық олимпиадаға қатысу үшін оқушы білімін үнемі тереңдетіп отыру керек. Күнделікті қазақ тілі сабағында олимпиадаға, түрлі сайыстарға, қорытынды аттестаттауға дайындалу барысында бірнеше жұмыс түрлері атқарылады. Сабақтың мақсатында сөйлесім әрекетінің түрлерін тиімді қолдану, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру басты болып табылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру талабы ең негізгі болып табылады.

